



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№51 (640)
25 желтоқсан,
2025 жыл

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады



2026

ЖЫЛ ИЕСІ — ЖЫЛҚЫ

**Аз күннен кейін ескі жылды қимастықпен шығарып
салып, жаңа жылды үлкен үмітпен қарсы алғалы отырмыз.
Желтоқсанның соңғы күндері – әрбір адам өткен жыл үшін өзіне
есеп беріп, алдағы жылға жоспар құратын кезең.**

2026 жыл – шығыс күнтізбесі бойынша жылқы жылы саналады. Жылқы – қазақтың тұрмысымен, тағдырымен, мінезімен біте қайнасқан қасиетті жануар. Сондықтан жылқы жылы халық сенімінде қозғалыспен, жаңарумен, жаңғырумен астасып жатады.

Жылқы жылы халық арасында көбіне жұтсыз, берекелі, тіршілікке жайлы жыл ретінде бағаланған. Қазақ шежіресінде, ауыз әдебиетінде жылқы жылына қатысты жағымсыз сипаттама сирек кездеседі. Бұл жыл көбіне ел еңсесін тіктеп, адымдап алға

жылжитын, үлкен өзгерістерге дайындалатын кезең ретінде қабылданып келеді.

Халқымыз жылқы жануарын ежелден-ақ жеті қазынаның бірі деп таниды. Көшпелі өмір салтында «мінсең – көлік, жесең – ас, ішсең – сусын, терісі – киім» болған жылқы жануарынсыз тіршілік ету мүмкін емес еді. «Ер қанаты – ат» деген сөздің өзі ел өмірінде бұл жануардың ерекше орын алатынын айқын дәлелі.

6-БЕТТЕ

ӨТКЕН ЖЫЛҒА ЕСЕП, КЕЛЕР КЕЗЕҢГЕ БАҒДАР 2

ПИРОТЕХНИКА: ОТПЕН ОЙНАМА!

Жаңа жыл. Шаттық пен үмітке толы сәт. Көңіл толқып, жүрек қуанышқа кенелетін мезетте түнгі аспанды сан алуан түске бояп, мерекелік әсер сыйлайтын дәстүрдің бірі – фейерверк ату. Жарқыраған отшашулар бір сәтке болса да адамдарды ертегі әлеміне жетелеп, мерекенің шырайын аша түсетіндей. Алайда сол көз жауын алатын жарқылдың тасасында қаншама көзге көрінбейтін қауіптің бар екенін екіншісі бірі ойлай бермейді. Бүгінгі қоғамда пиротехника қуаныштың белгісінен гөрі, тыныштықты бұзатын, қауіпсіздікке көлеңке түсіретін факторға айналып бара жатқаны да сөзімізге дәлел.

Бұрын түнгі уақытта фейерверк жағып құттықтау былай тұрсын, тіпті түнде келіп құттықтау деген бізге жат дүние еді. Ал қазір түнде құттықтамасаң көңілі қалатындардың қатары көбейді. Сағат тілі түнгі 00:00-ді көрсеткенде, «Бүгін менің күнім» деген ұранмен аспанға түрлі түсті от шашатындар көбейді. Бұл бір үйдің қуанышы болса да, тұтас бір көшенің тыныштығын ұрлау екенін түсінгісі келмейтіндер бар, өкінішті.

3-БЕТТЕ



Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымында «Жеті қазынаның» орны қашанда ерекше. Соның ішінде «Ит – жеті қазынаның бірі» деген тәмсіл тегіннен тегін айтылмаса керек. Көшпенді қазақ тұрмысында төрт аяқты жануар тек күзетші ғана емес, адамның сенімді серігі, тұз даланың қауіп-қатерінен қорғайтын айнымас досы, тіпті жан дүниесінің емшісі болған. Осы орайда, сол асыл серікті баптап, оның бойындағы табиғи түйсікті оятып, жүйрік әрі ақылды етіп тәрбиелейтін тұлға – кинолог жайлы сөз қозғайық.

ҚАСИЕТ БОЛСА, ЕШКІМ СЫНДЫРА АЛМАЙДЫ

Кинолог – жай ғана жаттықтырушы емес. Ол дала философиясын терең түсінетін, табиғат пен адам арасындағы үзілмес үндестікті жалғаушы, ата дәстүрді ардақтайтын тұлға. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз «Жеті

қазынаны» баптаудың қыр-сырын меңгерген кәсіби маман Серік Байжұманов.

7-БЕТТЕ

КЕЛЕР ЖЫЛДАН ҮМІТ КӨП

Жыл аяқталар тұста кейінге бір көз тастап, биыл не бітірдім дейтініміз бар. Иә, адам баласы әрбір сәтіне есеп беріп, ақыл таразысына салып тұрады. Сырдағы толайым табыс өткен жылдың сыбағасын толтырып тұр. Қанжығамыз майланып, олжалы болған тұсымыз да жетерлік. Қай сала болса да жетістік желкенін керіп тұр.

Алысқа ұзамай, кейінгі толқынға жасалған жағдайға бір көз тастасак. Сол жағалаудың дамуы қарқынды. Мұнда биыл ашылған жаңа нысандардың қатарында физика-математика бағытындағы дарынды балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты бар. Ұзын саны 400 орынға арналған, 300 орындық жатақханасы бар білім ошағы өзге өңірлердікімен салыстырғанда әлдеқайда жоғары деңгейде. Осы жылы ашылған «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық орталықтан да талай талант қанат қағып, елдің абыройын асыратыны анық.

Жылан жылын жабар тұста мұнан өзге де талай ізгі іс көңілге қонымды баға алып жатты. Әлбетте, біз де өзіміздің пайыммен жылды түйіндеп, әр саланың толқынынан құттықтау мен лебізді топтастыруды жөн көрдік.

4



ҰЛТ ТАРИХЫН
ЖАҢАША СӨЙЛЕТКЕН
ҚАЛАМҒЕР

8-БЕТТЕ

Басы 1-бетте

ПИРОТЕХНИКА: Отпен ойнама!

Қоғамда «тыйым салынбаған екен» деген түсінік жиі айтылады. Ал шын мәнінде, пиротехниканы қолдану – қатаң реттелетін сала. Мамандардың айтуынша, елді мекендерде салюттер мен өзге де пиротехникалық бұйымдарды түнгі уақытта қолдану – тыныштық режимін бұзу болып саналады.

Заңнамаға сәйкес, жұмыс күндері сағат 22:00-ден таңғы 09:00-ге дейін, ал демалыс және мереке күндері 23:00-ден 10:00-ге дейін фейерверк ату – Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 437-бабына сай тыныштықты бұзу ретінде қарастырылады. Бұл туралы сарапшылардың айтуының кемі жоқ.

облысы полиция департаментінің Әкімшілік полиция басқармасы мен Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлерімен бірлесіп рейдтік іс-шаралар атқарылуда.

Сонымен қатар Полиция департаменті іс-шараны кеңінен насихаттау мақсатында, әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы көмелетке толмағандар арасында жаракат алуды болдырмау, алдын алу мақсатында, облыс көлемінде барлық білім беру мекемесінде мектеп инспекторларымен көмелетке толмағандармен қауіпсіздік шаралары туралы дәрістер оқылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Іс-шара барысында барлығы

Ал жеке тұлғалардың немесе рұқсаты жоқ ұйымдардың өз бетінше салют атуы – қатаң тыйым салынған әрекет. Мұндай жағдайда полиция құқық бұзушылықты анықтап, ұйымдастырушыны тауып, әкімшілік жауапкершілікке тартады. Пиротехникалық бұйымдар міндетті түрде тәркіленеді.

Пиротехниканы тек қолдану ғана емес, оны заңсыз сату да жауапкершілікке әкеледі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес, рұқсатсыз сауда жасаған немесе талапқа сай келмейтін бұйымдарды өткізген тұлғаларға да айыппұл қарастырылған.

Ал мұндай істерді қарау және әкімшілік жаза қолдану ӘҚБтК-нің 685-бабына сәйкес ішкі істер органдарының құзыретіне жатады. Яғни, бұл – ұсақ-түйек емес, мемлекеттік деңгейде бақылауда тұрған мәселе.

Қоғамдық мәдениет пен жауапкершілік

Шын мәнінде, мерекенің мәні – тыныштықты бұзу емес, қуаныш сыйлау. Ал біреудің шаттығы өзгенің ұйқысы мен қауіпсіздігіне зиян келтірмейуі тиіс.

– Мен – студентпін, жатақханада тұрамын. Емтихан кезінде ұйқы мен тыныштық біз үшін ең маңызды дүние. Бірақ түн ортасында себепсіз атылған фейерверк пен петарданың даусы дайындықтың берекесін кетіреді. Кейде тіпті терезе дірілдеп, өрттің иісі шығады. Бұл – біреудің көңіл көтеруі шығар, ал біз үшін күйзеліс. Қауіпсіздік ережесін сақтамай, заңды елемей жасалған әрекеттерді «мереке» деп ақтау дұрыс емес. Дүркіретіп от пашу атқылары келсе, тұрғын үйлер мен халық көп шоғырланбаған арнайы жерлерге барса жөн болар еді. Қалада тұру – өзгені де ойлау деген сөз, – дейді студент Арайлым Убайтжан.

Қорыта айтқанда, пиротехника – екіұшты құбылыс. Дұрыс қолданылса – мерекенің көркі, бейберекет пайдаланылса – қауіптің көзі. Заң да, медицина да, қарапайым адамгершілік те осыны айтып отыр. Бір сәттік әсер үшін біреудің денсаулығы мен тыныштығын құрбан ету – ақылға қонымсыз.

Мереке өтеді, ал салдары қалады. Сондықтан әр жарқылдың артында жауапкершілік бар екенін ұмытпайық. Жарқыраған аспаннан гөрі, тыныш түн мен аман таң әлдеқайда қымбат.

Қауіпсіздік – мерекенің сәнін кетіретін шектеу емес, керісінше, әрбір шаңырақтың амандығын сақтайтын басты шарт. Сондықтан жарқыраған отшашудың артында қандай қауіп жатқанын ұмытпай, жаңа жылды шаттықпен әрі сақтықпен қарсы алу – баршаға ортақ міндет.

Жаңа жыл жақындаған сайын Қызылорда облысында пиротехникалық бұйымдарды заңсыз сату мен пайдалану дерегі жиілеп, құқық қорғау және төтенше жағдайлар қызметі тұрғындарды сақтыққа шақыру іс-шараларын жүргізуде. Атқарылып жатқан жұмыстар туралы Қызылорда облысы ПД Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары Сәбит Сатқанбай мен Қызылорда облысы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының орынбасары Арман Дастенов Өңірлік коммуникация орталығында айтып берді.

ОТ ШАШУ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАЙЫҚ!



Облыс аумағында жүргізілген рейдтік және профилактикалық іс-шаралар барысында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 196-бабына сәйкес, яғни тауарлармен немесе өзге де заттармен заңсыз сауда жасау фактілері бойынша барлығы 15 құқық бұзушылық анықталған. Атап айтқанда, Қызылорда қалалық полиция басқармасында – 11, Арал ауданында – 2, Жалағаш, Сырдария, Шиелі және Жаңақорған аудандарында бір-бірден дерек тіркелген. Нәтижесінде заңсыз айналымнан 128 дана пиротехникалық бұйым тәркіленді.

Сонымен қатар ӘҚБтК-нің 436-бабы бойынша, яғни елді мекендерде пиротехникалық заттарды ұшыру дерегімен Арал ауданында үш құқық бұзушылық анықталған. Аталған баптың 2-бөлігіне сәйкес, тұрғындар арасында пиротехникалық бұйымдарды заңсыз қолданғаны үшін 20 АЕК көлемінде, яғни 78 640 теңге айыппұл қарастырылған.

– Осы жылдың 5 желтоқсанынан бастап өңір аумағында Полиция департаментімен бірлескен «Пиротехника» жедел профилактикалық іс-шарасы жүргізілуде. Іс-шара барысында адам көп шоғырланған орындар мен сауда орталықтарында рейдтер ұйымдастырылып, кәсіпкерлер мен тұрғындарға өрт қауіпсіздігі шаралары түсіндірілуде. Бүгінде пиротехникалық бұйымдардың саудасын рұқсатсыз жүргізген тұлғаларға қатысты 3 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама рәсімделіп, жалпы сомасы 147 450 теңге айыппұл салынды, – дейді Қызылорда облысы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының орынбасары Арман Мамайұлы.

Мамандардың айтуынша, пиротехникалық бұйымдардан келетін қауіп әсіресе көмелет жасқа толмағандар арасында жоғары. Жаңа жыл мерекесі кезінде балалардың көпшілігі отшашуларды дұрыс пайдаланбау салдарынан түрлі жаракат алады. Осыған байланысты құзырлы органдар тұрғындарға күмәнді сатушылардан пиротехникалық өнім сатып алмауға, балалардың оны өз бетінше іске қосуына жол бермеуге шақырады. Қаптамадағы нұсқаулықты мұқият оқып, жарылыс кезінде қауіпсіз қашықтықты сақтау – басты талап. Жабық ғимараттарда пиротехникалық бұйымдарды қолдануға мүлдем тыйым салынған.

Көрсермендер қауіпті аймақтан кемінде 20 метр қашықтықта тұруы тиіс, ал жұмыс істеп тұрған пиротехниканы қолда ұстауға қатаң тыйым салынады.

Мерекелік қауіпсіздік тек отшашумен шектелмейді. Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті жыл сайын жаңа жыл қарсаңында адам өмірі мен денсаулығын, мүлікті және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған кешенді профилактикалық жұмыстар жүргізеді. Жыл басынан бері облыс аумағында 432 өрт оқиғасы тіркеліп, салдарынан 6 адам қаза тапқан, 10 адам түрлі жаракат алған. Өрт салдарынан тұрғындарға 259 миллион теңгеден астам материалдық шығын келген.

Талдау көрсеткендей, өрттердің 10%-ы, яғни 45 жағдай кәсіпкерлік нысандарда орын алған. Негізгі себеп – меншік иелерінің өрт қауіпсіздігі талаптарына салғырт қарауы. Электр сымдары мен құралдарының уақытылы тексерілмеуі, белгіленбеген орындарда темекі шегу немесе ашық от қолдану – қайғылы жағдайларға алып келетін басты факторлар.

Жаңа жыл мерекесі кезінде мейрамханалар мен ойын-сауық орталықтарында адамдардың көп шоғырлануын ескерген Төтенше жағдайлар департаменті кәсіпкерлік нысандарға әдістемелік көмек көрсетіп, қауіпсіздік талаптарын түсіндіру жұмыстарын күшейткен. Мерекелік іс-шаралар өтетін нысандарда өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлғалар бекітіліп, электр желілеріне арнайы тексеріс жүргізілуі тиіс. Сондай-ақ өрт сөндіру құралдарының жарамдылығы, эвакуациялық шығу жолдарының ашық болуы қатаң бақылауға алынуда.

Құзырлы органдар тұрғындар мен кәсіпкерлерге мерекені қауіпсіз қарсы алуға шақырады. Ғимарат ішінде пиротехникалық бұйымдар мен ашық от қолданбау, темекі шегуге рұқсат етілмеген орындарды қатаң сақтау, ал пиротехникалық өнімдерді тек ішкі істер органдарынан рұқсаты бар сатушылардан ғана сатып алу – әр азаматтың жауапкершілігі.

Қауіпсіздік – мерекенің сәнін қашыратын шектеу емес, керісінше, әрбір шаңырақтың амандығын сақтайтын басты шарт. Сондықтан жарқыраған от шашудың артында қандай қауіп жатқанын ұмытпай, жаңа жылды шаттықпен әрі сақтықпен қарсы алу – ортақ міндет.



Бетті дайындаған Нұршат НЫШАНОВА



Айыппұл – тек сан емес, салмақ

Көпшілік «айыппұл төлеп құтыламын» деп ойлауы мүмкін. Алайда бұл – қате түсінік. Алғаш рет заң бұзған, әрі елеулі материалдық шығын келтірген жағдайда, құқық бұзушыға 20 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл салынады. Бұл – 78 640 теңге, әрі пиротехникалық бұйымдар міндетті түрде тәркіленеді.

Егер салютті 16 жасқа толмаған жасөспірім қолданса, онда оған ескерту жасалады немесе ата-анасына, қамқоршысына дәл сол 20 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Бұл жағдайда да пиротехника тәркіленеді.

Ал бір жыл ішінде қайталанған заң бұзушылық немесе бұрын тыныштықты бұзғаны үшін жауапқа тартылған адамның қайтадан от шашу қолданғаны анықталса, айыппұл көлемі 30 АЕК-ке дейін өседі. Бұл – 117 960 теңге. – Ішкі істер министрінің нұсқауына сәйкес, 2025 жылдың 5 желтоқсанынан – 2026 жылдың 3 қаңтары аралығында республика көлемінде «Пиротехника» жедел профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Іс-шараның басты мақсаты – заңды және жеке тұлғалардың пиротехникалық өнімдерді сақтау, сатып алу, тасымалдау тәртібінің сақталуын тексеру, сертификатталмаған өнімді жеткізушілерді анықтау, осы өнімдердің салдарынан болатын төтенше жағдайлардың алдын алу.

Аталған іс-шара барысында, облыс көлеміндегі базарлар мен ірі сауда орталықтарында Қызылорда

20 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, 128 дана пиротехникалық бұйым тәркіленді, – дейді Қызылорда ОПД Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары Сәбит Сатқанбай.

Баланың ісі шала...

Ең алаңдатарлық жайт – пиротехниканың балалардың ойыншығына айналуы. Жаңа жыл жақындаса болды, дүкен сөрелерінде жарқыраған қораптар, ал аулада ата-анасының қарауынсыз петарда жарып жүрген балалар көбейеді. Олар үшін бұл – ойын. Ал салдары – күйік, жаракат, кейде өмір бойы жазылмас таңба.

Медицина мамандары жыл сайын пиротехникадан зардап шеккен балалар саны азаймай отырғанын айтады. Қолдың күюі, көздің зақымдануы, есту қабілетінің төмендеуі – мұның бәрі «кішкентай ғана жарылыс» деп бағаланған петарданың нәтижесі. Баланың қауіпсіздігі – ата-ананың жауапкершілігі екенін естен шығармағанымыз жөн. Себебі бір ағаттық баланың бар өміріне әсер етпесіне еш кепілдік жоқ.

Лицензиясыз отшашу – заңсыз әрекет

Заң бойынша мерекелік фейерверктер мен пиротехниканы қолданатын іс-шараларды тиісті лицензиясы бар, әрі ішкі істер органдарында тіркелген ұйымдар ғана өткізе алады. Яғни үлкен тойда немесе ресми мерекеде атылатын салют – алдын ала рұқсатпен, қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып ұйымдастырылуы тиіс.



Басы 1-бетте

Ерлан ҚОҢЫРБАЕВ,
Физика-математика бағытындағы мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатының директоры:

– Естен шықпайтын жаңа жыл – балалық шақтағы жаңа жыл мерекесі. Отбасымен мерекелік дастарханда отырып жаңа жылды күтіп алғанға не жетсін? Үлкендер қатты мән бермесе де кішкентай бүлдіршіндер үшін әр мереке ерекше қуанышқа толы болып өтеді. Жаңа жылмен байланысты әр адамның өз көзқарасы болуы мүмкін. Дегенмен отбасымен жиналып балаларға қуаныш сыйлауға мүмкіндік ретінде қарастыруға болады.

Барлық оқырманға тілерім, шаңырақтарыңызда ырыс-береке, мемлекетімізде бейбітшілік пен келісім болсын. Сіздерге шын ниетпен зор денсаулық, жарқын болашаққа сенімділік тілейміз. Үміттеріңіз бен тілектеріңіз орындалып, барлық бастауыңыз сәтті нәтижелер берсін.



АҚТОЛҚЫН НҮРМАҒАМБЕТОВА,
Қармақшы аудандық қоғамдық даму бөлімінің қызметкері:

– Мен үшін бұл мерекенің орны бөлек. Себебі жылды қортындылап, әр жылдың соңында «не бітірдім?» деп өзіме есеп беремін. Сосын келер жылға деген жоспарымды жазамын.

Өмірлік жарым Нүрекеңнің шаңырағына да осындай жаңа жылдық мерекеде келін болып түсіп, бақыт мекенінің тұрғынына айналдым. Сол жаңа жыл есімнен кетпейді. Жаңа өмірді жаңа жылда бастағанбыз. Маған бұл мереке сонысымен де құнды. Әулетке келіп, үлкен отбасымен, үлкен дастарханда үлкендердің батасын алып, сондай жақсы көрністің куәсі болдым.

Ал әріптестерімнің арасында жаңа жылдық кеште түрлі номинациялар болды. Сонда маған «Жылдың үздік күлкісі» номинациясын берген. Жалпы есте қаларлық сәттер өте көп. Өмірге күліп қарасаңыз, өмір де сізге күліп қарайды.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Басымыз аман бауырымыз бүтін болып, ұрпағымыз саналы, ғұмырлы болсын. Қазақтың алмайтын асуы, бағындырмайтын белесі жоқ. Алтай мен Атырау арасындағы алып атырап төріндегі еліміз жасай берсін.

КЕЛЕР ЖЫЛДАН

ЖАСҰЛАН АЛДАБЕРГЕНОВ,
«Анаға тағзым» орталығы басшысының отбасы және креативті индустрия жөніндегі орынбасары:

– Менің есімнен кетпейтін жаңа жыл – 2014 жыл еді... Сол уақытта «Жылдың үздік жас көшбасшысы» деген номинацияға ие болдым. Сол уақыттағы облыс әкімі Қырымбек Көшербаев табыстаған. Еңбектің еленіп, тұғырға шығып, ойда жоқта осындай құрметке бөленгенім. Маған сол сый ерекше болды. Әрине, еңбектің еленіп жүрген тұстары жетерлік қой. Бірақ сол жылғы жаңа жылдағы тосын сый есімнен кетпейді.

Биыл Сыр елі жылды толағай табыстармен түйіндеп, өткен жылға өкпе жоқ деп отырмыз. Байқап қарасаңыз, осы жыл біздің руханиятымыздың да, мәдениетіміздің де, қоғамның басқа да білім, денсаулық сақтау тәрізді салаларында да едәуір жетістіктер жетерлік. Кеше ғана облыс әкімі Нұрлыбек Машбекулы Астанаға барып, елдің бір жылдағы жеткен жетістіктерін тілге тиек етті. Дамудың даңғылында келе жатқанымыз анық.

Тілерім, еліміздің осы қарқыны арта берсін. Алдағы уақытта да жарқын болашаққа жол бастаған Қазақияның бағындырар белестері көп болғай. Отбасыларыңызға бақ-береке, қызметтеріңізге толағай табыс тілеймін.



ЖАҚСЫЛЫҚ БЕРІКУЛЫ,
5547 әскери бөлімінің клуб бастығы, лейтенант:


– Әрбір өткен жылға ғана емес, әрбір өткен күнге «Мен бүгін не істедім?» деп есеп беруіміз керек. Міне, сонда адам өз өмірін

сараптап, мәнді өткізуге бейім болады. Өтіп бара жатқан жыл бізге не берді? Біз қандай іс тындыра алдық?

Әлемдік тұрғыдан алғанда жан-жақта түрлі жағдай болып жатыр. Құдайға шүкір, тәуелсіз, бейбіт елдің төрінде, ұлы дала төсінде жақсы өмір сүріп жатырмыз.

Биыл жыл бойы Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінде әскери басқару органдарын, құрамаларды, әскери бөлімдер мен мекемелерді жоспарлы даярлау жүйелі түрде жүзеге асырылды. Жауынгерлік даярлық бойынша республика бойынша 60 мың іс-шара өтсе, оның 17 мыңнан астамы түнгі жағдайларда өтті. Негізгі бөлігі құрлық әскерлері мен десанттық-шабуылдау әскерлерінің үлесінде. Мұнан өзге әрбір аймақ, әрбір өңір мұндай іске аса зор жауапкершілікпен атсалысуда. Иә, жылан жылы жайлы болды, табысты жыл болды.

Қазақ жылқыны текті жануар санаған. Мінсе көлік, жесе ас, ішсе сусын. Қазақтың серігіне айналған жылқы жылында еліміздің бақ-берекесі артсын. Қазақтың туы қашан да көкте болсын. Арман-мақсаттарыңыз орындалсын.





ЖАНЕРКЕ ҚУАТБАЕВА,
«Жастар Рухы» Жастар қанаты Қызылорда облыстық филиалының белсендісі, волонтерлық бағыт бойынша қала әкімінің «Самғау» жастар сыйлығының иегері:

– Есімнен кетпейтін жаңа жылдық кеш – 7-сыныпта өткен жаңа жылдық шара. Сол күні сахнадан түспей қойғандай болдым: 7 нөмірдің 7-еуіне де қатыстым. Бірде ән айтып шықсам, келесіде би билеп, одан кейін мүлде басқа образда қайта сахнаға жүгіріп шығамын. Сахна артында нағыз «шұғыл режим» басталды: бір образдан екіншісіне асығыс ауысып, шашымды, киімімді жөндеп үлгеру үшін достарым көмектесіп жатты.

Бір сәтте келесі нөмірге санаулы секунд қалғанда аяқ киімімді таба алмай қалдым. Жүрегім дүрсілдеп, «енді бітті» деп тұрғанда, бір апай күліп тұрып қолыма ұстата салды. Солайша сахнаға жүгіріп шықтым. Шаршағаным сонша, соңғы нөмірде билеп жүріп өзім де күліп жібердім, ал залдағы апайлар мен ата-аналар соған қосыла күлді.

Шара соңында барлығы риза болып, «жарайсың, бөріне үлгердің» деп мақтап кеткенде, күні бойғы шаршауым бір сәтте ұмытылды. Сол кеш маған сахнадағы эмоция, жауапкершілік пен нағыз жаңа жылдық көңіл күйдің не екенін сездірген, есімнен кетпейтін ерекше кеш болып қалды.

Қазақстандықтарға жаңа жылдық тілегім – ұлан-ғайыр еліміздің әр түкпірінде шаттық пен сенім салтанат құрсын. Жаңа жыл әр шаңыраққа амандық, мол ырыс пен татулық әкеліп, әрбір таң үмітпен атсын. Өткен жылдың сынақтары сіздерді шыңдап, ал жаңа жыл биік мақсаттарға жетелесін.

Әрбір отбасында береке-бірлік нығайып, ата-анаға құрмет, балаға мейірім арта берсін. Жастардың арманы айқын, қадамы нық болып, үлкендердің ақылы мен батасы жол көрсетсін. Елімізде бейбітшілік пен тұрақтылық сақталып, тәуелсіз Қазақстанның көк байрағы әрдайым биікте желбіресін.

Еңбегімен елге қызмет етіп жүрген әр азаматтың маңдай тері ақталып, денсаулық пен табыс серік болсын. Жаңа жыл қуанышты жаңалықтарға, жарқын жетістіктерге толы болып, әр қазақстандықтың жүрегіне үміт пен бақыт сыйласын!

ҮМІТ КӨП



РЫСКЕЛДІ ЖАХМАН,
Облыс әкімінің журналистерге берілетін «Жебе» сыйлығының алғашқы иегері, қала әкімінің «Самғау» жастар сыйлығының иегері, республикалық «Халық» газеті бас редакторының орынбасары:

– Жаңа жыл – мен үшін бала күннен бері отбасылық мереке. Естен кетпестей жаңа жылдың кеші көп болғаны анық. Солардың бірі мектеп уақытында өрбіді. Ол кезде аға-әпкелерім қалада оқу оқып, жұмыс істейтін. Үйдің кенжесі болғандықтан, ата-анаммен ауылда едім. Мектептің жоғары сыныбында оқимын. Көптен бері ауылға ат басын бұрмаған бауырларым жаңа жылдық демалыста барлық сыйлығын алып келетін. Әкс-шешем де жылы-жұмсағын дайындап, алдына қояды. Күнтізбенің жаңа парағы ашылуын отбасымен бірге қарсы аламыз. Бұл үрдіс әрқайсысымыз бөлек шаңырақ атансақ та, әлі күнге жалғасын тауып келеді. Әлбетте, жаңа жылды балалар ерекше күтеді. Әдемі әрі жарасымды киім киіп, жаңа жылдық тақпақтарын жарыса айтады. Мен үшін әр адамның үшін отбасымен өткізген күні ең көңілді әрі қызықты кеші сияқты.

Қалай десек те, жаңа жыл – жылдардың тоғысатын шағы, жаңа күнтізбеге ауысатын кезең. Мұнан бәріміз жақсылық іздеуіміз керек. Сондықтан, бір-бірімізге жылы сөзімізді жаудырып, алғыс-тілегімізді де айтсақ артық етпейді.

Жаңа жыл барлық отбасыға тек қуанышымен, жақсылығымен келсін дейміз! 2026 жыл еліміз үшін сүйіншілейтін оқиғаларға толы болсын! Құрметті де қадірлі «Ақмешіт жастары» газетінің оқырманына отбасыларыңыз аман, дендеріңіз сау, бауырларыңыз бүтін болсын деген тілек айтамын!




БЕКСҰЛТАН ОРЫНБАСАР,
Айтыскер ақын, «Күміс домбыра» иегері, қала әкімінің «Самғау» жастар сыйлығының иегері:

– Жаңа жыл мерекесі қазақтың ұлттық мерекесіне жатпайды, діни тұрғыдан қайшы деген пікірлерді көп естимін. Бұл бір жағынан дұрыс шығар. Бірақ әркімнің өз ұстанымы болады. Менің ойымша жаңа жыл мерекесі шариғаттың шеңберінен шықпай, халал түрде әулетімізбен бірге отырып, ақ дастархан басында ақ тілегімізді айтып, жылды қорытындылап, келер жылға жоспарларымызбен бөлісу үшін бас қосатын болсақ оның ешқандай әбестігі жоқ деп есептеймін. Себебі біздің Мемлекет басшысынан бастап барлық салада бұл мерекені мемлекеттік деңгейде атап өтеді.

Біздің аталарымыз, әкелеріміз Кеңес үкіметінің кезіндегі қоғамда өмір сүргендіктен олардың балалық шағы осы мерекемен тығыз байланысты. Жаңа жыл мерекесінде күнтізбенің ауысуы ерекше атмосфера қалыптастырып, адамдарға ерекше көңіл-күй сыйлайды. Біздің де мектеп қабырғасындағы балалық шағымыз, бертін келе отбасымызбен бас қосуымыз арқа-жарқа әңгіме айтып, мәре-сәре болып ойнауымыз барлығы-барлығы есімде қалды. Ол кездегі табиғат та ерекше еді. Сағат 12-ні күтіп, отпашу ауыл үстінде жарқырап, керемет көңіл-күй, мереке сезілетін. Сонысымен бала кезімдегі жаңажылдық кештер есімде қалады. Сондай-ақ 2024 жылдың аяғында, яғни мереке тұсында қызымның өмірге келуімен де есте қалады.

Жаңа жыл қарсаңында барша қазақстандыққа жаңа бақыт, жаңа табыс тілеймін. Деніміз сау, отбасымыз аман, бейбітшілік болсын! Тұғырлы тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын! Еліміз әр салада қарыштап дамуына тілекшімін. Елдің абыройы үшін жұмыс істеп жатқан барша азаматтар мен азаматшалардың жұмыстары алға басып, озық елдердің қатарынан болайық! «Отан – отбасынан басталады» демекші, әр отбасындағы балаларымыз тек бақытты тұмыр кешсін!





ЖЫЛ ИЕСІ – ЖЫЛҚЫ

жыл халықтың бірлігі мен рухының сыналған кезеңі еді.

1954 жылы тың және тыңайған жерлерді игеру басталып, ел экономикасында жаңа бағыт қалыптасты. Ауыл шаруашылығы кеңейіп, Қазақстан бүкілодақтық деңгейдегі астықты өңірге айналды. Бұл бастама бір жағынан даму әкелсе, екінші жағынан әлеуметтік және экологиялық

салдарымен де тарихта қалды.

1966 жыл да КСРО тарихындағы ерекше оқиғалармен есте қалды. Сол жылы одақтық 8-ші бесжылдық бағдарлама іске қосылды. Бесжылдықтың мақсаты – ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпті дамыту, экономиканы тұрақты өсімге жетелеу болды. Аталған кезеңде колхоздарда еңбекақыны тарифке сай есептеп, ақшалай төлеу тәртібі енгізілді. Бұл жаңалық еңбек өнімділігін арттыруға және жұмысшылардың еңбегін әділ бағалауға үлкен серпін берді. Елдің әр өңірінде жаңа өндіріс орындары ашылып, ауыл шаруашылығында өнім көлемі артты.

1978 жылы Қазақ КСР Конституциясының қабылдануы республика өміріндегі саяси-құқықтық маңызы зор оқиға болды. Бұл құжат сол кезеңдегі қоғамдық қатынастарды реттеп, мемлекеттік басқару жүйесін айқындады.

Ал 1990 жылы жарияланған Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация тәуелсіздікке бастар жолдың алғашқы әрі батыл қадамына айналды.

2002 жылы Түркістан қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайы ұлт бірлігі мен рухани тұтастықты нығайтқан маңызды тарихи оқиға болды. Әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған қандастардың бас қосуы қазақ халқының рухани жаңғыруына серпін берді.

2014 жылы Мемлекет басшысы елімізді «Қазақ Елі» деп атауды ресми түрде ұсынды. Бұл бастама еліміздің ұлттық бірегейлігін, тәуелсіздік пен егемендік құндылықтарын айқындайтын маңызды қадам еді. Елдің дамуы мен ұлттық сананың өсуі – бұл тек сандық көрсеткіштер ғана емес, сонымен қатар рухани жетістіктердің де айғағы.

Осы тарихи деректің барлығы жылқы жылының Қазақстан тарихындағы ірі қоғамдық-саяси процестермен тығыз байланысты екенін аңғартады. Бұл жылдар ел үшін жеңіл болмағанымен, халықты шыңдаған, болашаққа бағыт берген маңызды кезеңдер ретінде тарихта қалды.

Қызықты дерек

Жылқы – өзге жануарларға қарағанда ерекше қасиеттерге ие жаратылыс. Ғалымдар жылқы жануарын зерттей келе көптеген қызықты ақпаратты анықтаған. Мәселен, жылқының көру қабілеті адамға ұқсас, яғни олар түстерді ажырата алады. Дегенмен олар көк және қызыл түстерді дұрыс танымайды. Бұл олардың қоршаған ортаны қабылдау ерекшелігі.

Сонымен қатар жылқылардың иіс сезу қабілеті өте жоғары. Олар тік тұрып ұйықтап, кейбір ғалымдардың пікірінше, тіпті ұйқы кезінде адам секілді түс көреді. Жылқының артқы аяқтары өте мықты, сондықтан ол кез келген қауіпті жағдайда өзін қорғай алады. Сондықтан атқа артқы тұстан жақындау өте қауіпті. Ата-бабамыз «сырын білмейтін аттың сыртынан жүрме» деуі тегін емес.



Тағы бір қызықты дерек, жылқыларды медицинада да пайдаланады. Олар мүгедектер мен зорлық көрген адамдардың реабилитациясына пайдасы мол. Сондай-ақ көзі көрмейтін жандарды жетегіне ертетін жылқы түрлері де бар, олар пони тұқымы секілді шағын келеді.

Дүниежүзіндегі ең қымбат жылқының бағасы 200 миллион долларды құрайды. Ол ең беделді жарыстарда жүлделі орындарға ие болған. Бұл жылқының есімі Френкель деп аталады.

Жылқы жылындағы жұлдыз-жорамал

Астрологтардың ақпаратына сүйенсек, 2026 жыл тыныш, бірақ маңызды өзгерістер жылы болмақ. Сондай-ақ өзіңізге, айналаңыздағы адамдарға және өмірге деген көзқарасыңыз жаңа деңгейге көтеріледі.

Тогты. Тогтылар үшін 2026 жыл жеке өсу мен ішкі күшті арттыру жылы. Бұл жыл сізге өзіңізді терең тануға, шекараларыңызды түсінуге және сабырлы шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Наурыздан сәуірге дейін айналаңыздың назарын аударып, өзіңіздің қабілеттеріңізді көрсетуге қолайлы уақыт.

Торпақ. 2026 жыл ішкі зерттеуге арналған жыл. Ішкі зерттеу мен эмоцияны тану жылы. Өзіңізге және жақындарыңызға мейірімді болуды, жыл ортасына дейін эмоцияңызды ашық көрсетуге үйренесіз, әсіресе отбасы мен достармен қарым-қатынаста. Осы жылы жеке даму мен терең емделу кезеңі басталады, қорқыныштарды тастап, ішкі еркіндікке жетесіз.

Егіздер. 2026 жыл егіздер үшін өмірін ретке келтіру және жаңа мақсаттар қою жылы. Жыл басында жұмыста, мансапта және ұзақ мерзімді мақсаттарда күмән туындауы мүмкін. Көктем айларында бастап жеке өзгерістер кезеңі басталады: ескі рөлдер мен

жылына айналады. Күнделікті өмірді реттеп, серіктестік қатынастарды күшейтесіз. Өзіңізді сақтап, айналаңызбен үйлесімді қарым-қатынас орнатасыз.

Сарышаян. 2026 жыл сарышаян үшін ішкі үйлесім мен жетілу кезеңі болмақ. Өз сезімдеріңізді, қажеттіліктеріңізді түсініп, өмірді қайта бағдарлайсыз. Өткен тәжірибеден сабақ алып, жаңа шешімдер қабылдайсыз.

Мерген. 2026 жыл мергендер үшін үй мен отбасы мәселелерімен басталады. Жеке жауапкершілікті арттырып, шығармашылыққа, хобби мен қызығушылыққа уақыт табасыз. Жаңа мүмкіндіктерді қабылдауға дайын болыңыз.

Тауешкі. 2026 жыл тауешкілер үшін ішкі ашықтық пен өзімен шынайы сөйлесуді қажет етеді. Ішкі тұрақтылық пен отбасылық мәселелерге көңіл бөлу маңызды. Өткен тәжірибені қайта қарап, жаңа көзқараспен өмірге қарайсыз. Жауапкершілікті өз мойныңызға ала білген абзал.

Сүкұйғыш. 2026 жыл сүкұйғыштар үшін қайта ойлану және жаңару жылы болады. Өз-өзіңізді қайта бағалап, жаңа әдеттер мен көзқарастарды енгізесіз. Өмірде өз орныңызды сенімді ұстайсыз.

Балықтар. 2026 жыл балықтар үшін ішкі сенімділік пен рухани өсу жылы. Өзіңізге шынайы болуды үйреніп, жаңа жауапкершілік қабылдайсыз. Артық күмәндер мен иллюзиялардан арылып, шынайы мақсаттарға бағытталасыз. Күз мезгілінде өзіңізді және өмір жолыңызды қайта қарауға мүмкіндік беріледі.

Жалпы астролог мамандардың айтуынша алдағы жылқы жылы – ішкі өсу, жауапкершілік, жаңа мүмкіндіктерге ашық болу және өмірді толыққанды сезіну жылы болмақ.

Жаңа жылдан не күтеміз?

Қазақ үшін жылқы – қасиетті жануар. Ежелден ат жалында өскен халық үшін жылқы тек көлік ғана емес, тұтас мәдениет пен өмір салтының айнасы. Ботай мәдениетінен табылған дерек бойынша, жылқыны алғаш қолға үйреткендер – қазақ даласында өмір сүрген жұрт екенін дәлелдейді. Сондықтан жылқы жылы да ерекше құрметке ие. Бұл жылы адамдарға сабыр, қанағат және жаңа бастамаларға батылдық тән. Этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты Бабақұмар Хинаяттың айтуынша, жылқы жылы елдік рухқа, қозғалысқа және өзгеріске толы кезең ретінде қарастырылады. Халық сенімінде бұл жылы ұрыс-керіс те,



Жылқы жылындағы тарихи оқиғалар

Қазақстан тарихына көз жүгіртсек, жылқы жылдары көбіне ел өміріндегі шешуші кезеңдермен, тағдырлы бетбұрыстармен тұспа-тұс келіп отырғанын байқаймыз. Мұндай жылдарда мемлекет дамуының бағытын айқындаған, қоғам санасына әсер еткен маңызды шешімдер қабылданып, тарихи үдерістер жеделдей түскен. Бұл құбылыс жылқы жылының қозғалыс пен серпіліске бейім табиғатымен де үндеседі.

1930 жыл ел тарихындағы ең ауыр әрі қасіретті кезеңдердің бірі ретінде есте қалды. Ұжымдастыру науқаны басталып, қазақ халқы бұрын-соңды болмаған әлеуметтік әрі демографиялық сыннан өтті. Дәстүрлі шаруашылық күйреп, халықтың тұрмыс-тіршілігі түбегейлі өзгерді. Бұл жыл ұлт жадында ауыр сабақ ретінде сақталды.

1942 жыл – екінші дүниежүзілік соғыстың тағдыры таразыға түскен шешуші кезеңі. Осы уақытта қазақ жауынгерлері майдан даласында асқан ерлік пен табандылықтың үлгісін көрсетті. Ел ішіндегі еңбек пен тылдағы жанқиярлық та жеңіске қосылған үлкен үлес болды. Бұл

үлкен істер де қатар жүруі мүмкін. Мәселен тарихта Шыңғыс ханның Орта Азияға жорығы жылқы жылымен тұспа-тұс келгені айтылады.

Ең қызығы, ертеде ата-бабаларымыз маңызды істерде – алты сапарға шығу, көш-қон жасау немесе сауда-саттыққа баруды – жылқы жылына жоспарлаған. Себебі бұл жыл береке мен несібе мол, еркіндік пен өр рухқа толы жыл деп қабылданып.

Жылқы жылы барша адамға бір ақиқатты еске салады: қозғалыс бар жерде ғана нәтиже бар. Бұл жылда тағдыр мүмкіндіктер ұсынады, бірақ оны пайдалану әр адамның өзіне байланысты. Жаңа жобалар бастауға, кәсіби бағытты өзгертуге, білім мен шығармашылықты дамытуға қолайлы кезең туады. Батылдық танытқан жан бұл жылда ұтылмайды.


Қорыта айтқанда, 2026 – жылқы жылы қазақ үшін ұлттық болмысты қайта тану, рухты жаңғырту кезеңі. Жылқы – өткен тарихтың ғана емес, бүгінгі өмір мен болашақтың да символы.

Жаңа жыл әр шаңыраққа береке, әр адамға серпіліс, елге тыныштық әкелсін. Жылқы жылы қозғалыстың, үміттің, жаңарудың жылы болғай!

Әдебиеттану қоғамның айнасы болса, жас жазушылар сол айнадағы болашақтың бейнесі. Қазақстанның қазіргі заманғы әдеби кеңістігінде өзіндік қолтаңбасымен, ерекше ойлау жүйесімен және рекордтық нәтижелерімен танылып үлгерген жас қаламгерлердің бірі – Ильяс Юсуф. Оның шығармашылығы дәстүрлі жазушылық үлгіден бөлек, заманауи медиа-кеңістік, психология және визуалды сторитейлинг элементтерін біріктірген жаңа бағыт ретінде бағалануға лайық. Ильяс Юсуфтың шығармашылық әлемі тек жазушылық ғана емес, жаңа интерактивті білім беру мен дизайнның жаңа бөлігі.



ҰЛТ ТАРИХЫН ЖАҢАША СӨЙЛЕТКЕН ҚАЛАМҒЕР



Ильяс Юсуфтың шығармашылық жолына үңілгенде, ең алдымен, оның жазуға деген махаббаты ерекше көзге түседі. Классиктер әдебиетке көркемсөз қуалап келсе, Ильяс бұл әлемге өзін-өзі емдеу, ішкі «меніні» тану мақсатында қалам басты. Оның алғашқы туындылары, әсіресе «Жизнь моими глазами» жинағы, жасөспірім шақтағы экзистенциалды дағдарыстың, жалғыздықтың және түсініспеушіліктің көрінісі іспетті. Бұл кітап – кәсіби жазушының ойдан құрастырған сюжеті емес, жүрегі жаралы жас жігіттің күнделігі. Оқырманды баурап алатын күш те осы шынайылықта жатыр. Ол өз қатарластарына: «Сенің сезініп жүрген ауырлығың маған да таныс, сен жалғыз емессің», – деген үнсіз хабарлама жолдайды. Сондықтан Ильястың прозасын «терапиялық әдебиет» деп атауға толық негіз бар. Ол жазуды он жеті жасында бастады, ал алғаш кітабын он сегіз жасында шығарған. Осылайша, Қазақстанның ең жас жазушысы, ең жас ақыны және ең жас авторы ретінде үш рекорд тіркеді. Оның шығармалары шын өмірден алынған оқиғаларға негізделген.

– Мен бала кезімнен жазғанды ұнататынымын. Қағаз арқылы сөйлесу менің алғаш тілім болды. Балалық шағымда менде мүлдем дос болмады. Сондықтан қағаз әрқашан маған қоғамды алмастырды. Мені тыңдаудан жалықпайтын құлақ болды. Мен үнемі ойларымды қағазға жазатынымын, – дейді ол.

Жас қаламгердің шығармашылығындағы екінші маңызды қыр – психологиялық тереңдік пен философиялық ізденіс. Ол жергілікті рекордтар кітабына ең жас жазушы ретінде ғана емес, психология және мотивация жағын игерген жас талант ретінде енді. Оның «Тень ангела» романы мен «Ночная симфония» туындылары жастық максимализм мен ерте есейген даналықтың қосындысын көрсетеді. Бұл шығармаларда автор өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, адамның қоғамдағы орны сияқты мәңгілік тақырыптарды қозғайды. Бірақ ол мұны күрделі академиялық тілмен емес, қазіргі жастардың түсінігіне жақын, жеңіл әрі әсерлі стильде жеткізеді. Оның кейіпкерлері – мінсіз батырлар емес, қателесетін, күйзелетін, бірақ соңында міндетті түрде үміт сәулесін табатын қарапайым жандар. Бұл – қазіргі турбулентті заманда жастарға ауадай қажет мотивация. Оның кітаптары оқырманға «қиындықтан қашпа, оны қабылда және осы құралы ретінде пайдалан» деген философияны ұсынады.

Ильяс Юсуфтың шығармашылығын даралап тұрған тағы бір бағыт – оның тарихты жаңғыртудағы креативті тәсілі. Қазіргі цифрлық ғасырда жастарды қалың тарихи романдарды оқуға мәжбүрлеу қиын. Мұны жақсы түсінген Ильяс «Керей мен Жәнібек» комиксін жарыққа шығарды. Бұл – қазақ әдебиетіндегі батыл қадамдардың бірі. Ол ұлттық, тарихтың күрделі кезеңдерін, Қазақ хандығының құрылуын визуалды өнер арқылы сөйлетті. Комикс форматы тарихты «жеңілдету» емес, оны жастар тіліне аудару. Бұл жоба арқылы Ильяс өзінің тек жазушы ғана емес, заман талабын дөп басытын медиа-менеджер, жанашыл ойшыл екенін дәлелдеді. Бұл еңбек жас буынның бойында патриоттық сезімді оятудың ең тиімді құралына айналды десек қателеспейміз.

Ильяс Юсуф – заманауи отандасмыз. Оның феномені жастығында немесе кітаптарының санында ғана емес. Оның ең басты жетістігі – әдебиет пен заманауи жастардың арасына алтын көпір сала білуінде. Ол өз шығармашылығы арқылы жазушылықтың ескімегенін, керісінше, жаңа формада, жаңа мазмұнда түлеп жатқанын көрсетті. Ильяс Юсуфтың еңбектері өз-өзін іздеп жүрген мыңдаған жасқа шамшырақ. Ол білім алудың, үздіксіз ізденудің және өз қорқыныштарыңды жеңудің үлгісін көрсетіп келеді. Болашақта бұл жас қаламгерден бұдан де кесек туындылар мен ірі жобалар күтуге хақымыз бар. Себебі шығармашылығы тоқтаусыз даму мен шексіз мүмкіндіктердің көрінісі.

Мерей ШӨКРАТ



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ҒҰМЫР

Тәуелсіздік – халқымыздың ғасырлар бойғы асыл арманы. Сол арманға жету жолында аянбай тер төккен, ел тағдыры сынға түскен сәттерде қайсарлық танытқан азаматтардың еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Осындай ардақты жандардың бірі – 1991 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушы, бір салада Қызылорда жоғары көпсалалы колледжінде 20 жыл үздіксіз еңбек еткен Гүлнар Әбукәлиқызы.

Желтоқсанның ызғарлы күндерінде әділдік пен еркіндік үшін алаңға шыққан жастардың арасында Гүлнар Әбукәлиқызы да болды. Ол кезде ел болашағы қыл үстінде тұрған еді. Қуғын-сүргін мен қысымға қарамастан, ұлттық намысты ту еткен қайсар қазақ қыздарының бірі ретінде тәуелсіздік үшін күрес жолынан тайған жоқ. Бұл – нағыз азаматтықтың, Отанға деген адалдықтың көрінісі.


Еліміз егемендік алғаннан кейін де Гүлнар Әбукәлиқызы қоғам өмірінен шет қалған жоқ. Ол табаны күректей жиырма жыл бойы Қызылорда жоғары көпсалалы колледжінде адал еңбек етіп, кәсіби біліктілігімен, ұқыптылығымен және адамгершілік қасиетімен әріптестерінің зор құрметіне бөленді. Ол өз ісін жай қызмет емес, елге қызмет ету деп білді.

Оның өмір жолы – жас ұрпаққа үлгі, тағылымды тәрбие мектебі. Ол тәуелсіздіктің оңай келмегенін, бейбіт өмірдің артында қаншама қайсарлық пен төзім жатқанын өз ғұмыр жолымен дәлелдеп келеді.

Бүгінгі таңда ардақты алапымыздың еңбегі ел жадында. Оның өмірі – тәуелсіздік тарихының бір бөлшегі, ал есімі – елге адал қызмет еткен азаматтар қатарында.

Тәуелсіз елдің тұғыры биік, болашағы нұрлы болсын! Осындай елжанды, еңбексүйгіш азаматтарымыз аман болып, құрмет төрінен көріне берсін.

Ақнұр МАХМУТОВА,
Қызылорда жоғары көпсалалы колледжі
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы



«ҚҰПИЯ САНТА» ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ

Әр ұжымда, әр достар ортасында желтоқсан айы жақындаса, бір қызық әңгіме айтыла бастайды. «Құпия санта ойнаймыз ба?» деген сұрақтан кейін кеңсе де, чат та бірден жанданып кетеді. Бір қарағанда қарапайым сыйлық алмасу секілді көрінгенімен, құпия санта – адамдарды жақындастыратын, көңіл-күй сыйлайтын ерекше дәстүр.

Құпия санта ойынының түп-төркіні Батыс елдеріндегі Рождество мерекесімен байланысты. «Санта Клаус» бейнесі балаларға сыйлық тарататын мейірімді кейіпкер ретінде танымал болса, құпия санта сол идеяның ойын-сауық формасына айналған нұсқасы. Бұл ойында қатысушылардың әрқайсысы бір адамға жасырын түрде сыйлық дайындайды. Кімге кім сыйлық жасайтынын ешкім білмейді, басты шарт та осы. Ойынның ерекесі өте қарапайым. Алдымен қатысушылардың аты-жөні жазылып, жеребе арқылы араластырылады. Әр адам бір есімді таңдап алады, бірақ оны өзгелерге айтпайды. Белгіленген бюджет болады және ол артық шығыннан сақтап, бәріне тең мүмкіндік береді. Ал ең қызығы – сыйлықты таңдауда. Біреулер пайдалы затқа мән берсе, енді бірі әзілге толы, креативті сыйлық дайындауға тырысады.

Құпия сانتаның танымал болуының басты себебі – эмоция. Қымбат сыйлықтан гөрі, ойластырылған, адамның мінезі мен қызығушылығын ескеріп алынған ұсақ-түйектің өзі жүрекке жылы тиеді. Кейде тіпті сыйлықтың өзі емес, оған жазылған хат немесе әзіл-қалжың көңілді көтеріп жатады. Сол сәтте ұжымда бұрын байқалмаған бір жылылық пайда болады.

Бұл ойын әсіресе жұмыс орындарында ерекше рөл атқарады. Күнделікті ресми қарым-қатынастан шаршаған әріптестер құпия санта арқылы бір-бірін басқа қырынан тани бастайды. Тыныш жүретін

қызметкердің әзілқой екенін, ал қатал көрінетін басшының да қарапайым сыйлыққа шын қуана алатынын осы кезде байқайсың.

Құпия сантада ең көп қиналдыратын сәт — «не сыйлаймын?» деген сұрақ. Мұнда сыйлықтың бағасына емес, әмбебаптық пен эмоцияға мән беру керек. Адамның талғамын нақты білмесеніз, күнделікті қолданылатын, бірақ шағын қуаныш сыйлайтын заттарды таңдаңыз: әдемі блокнот, ерекше қалам, иісі жағымды шам, жылы шулық немесе қызықты принт бар кружка. Сыйлыққа міндетті түрде шағын жазба қосыңыз, тіпті бір ауыз жылы сөз немесе әзіл сыйлықтың құнын емес, әсерін еселейді. Ал егер креатив қосқыңыз келсе, «таңдау еркіндігін» сыйлаңыз: кофеге, кітапқа немесе онлайн сервистерге арналған сертификат – таптырмас ой. Ең бастысы, сыйлық адамға «мен сен туралы ойладым» деген сезім сыйласа, құпия санта өз миссиясын орындады деген сөз. Яғни бұл ойында «ең күшті сыйлық» емес, «ең жылы естелік» жеңуі керек.

Қорытындылай айтқанда, құпия санта – жай ғана ойын емес. Ол адамдар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, сенім мен жылы сезімді арттыратын шағын мереке. Кейде бір кішкентай сыйлық үлкен қуанышқа себеп болатынын дәлелдейтін дәстүр де осы.

Қорлан САРЫ

